

84.5 Kx2
C 90



41922

Айттыскер
ақын Самаржан



Таңат СҮГІРБАЕВ

Айтыскер ақын Самархан

Петропавл – 2009

УДК 821/82/№51

ББК 84 Қаз. 7-4

С 90

Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану
мұражайы жанындағы "Асыл мұра" орталығы

Авторы және құрастырған:

Таңат Айтмұқашұлы Сүгірбаев

Редакторы: Социал Жұмабаев

Кітапты шығаруға көп көмек көрсеткен Самарханның кіші
келіні Бақыт Қожабекқызы

С 90 Сүгірбаев Т. **Айтыскер ақын Самархан.** - Петропавл.
- 2009. 176 б.

Кітапта облыстың көрнекті ақыны Самархан Жұмади-
ұлының өмірі мен шығармашылығына қоса оның өзін көрген
адамдардың естеліктері, ата-тегі мен ұрпақтары жөніндегі
мәліметтер берілген.


41922

ББК 84 Қаз. 7-4

С $\frac{470225020}{00(05)-09}$

ISBN 978-601-7029-19-7

©Сүгірбаев Т., 2009



С/А

САМАРХАН ЖҰМАДИҰЛЫ

Қазақ ұлды болса «ұрпағым, өмірім жалғасады» деп, қызды болса «өрісім, қонысым кеңейеді» деп қуанған. Осы біздің облысымызда талай ұлдар мен қыздар осы фәни дүниеге келді, бақи дүниеге кетті. Өмір заңы осылай, осылай жалғаса береді. Есіл топырағында дүниеге келген осындай азаматтардың бірі облысқа белгілі ақын Самархан Жұмадиев еді.

Ол 1900 жылы Петропавл уезі Жамантұз болысы Бәйгісі ауылында (қазіргі Есіл ауданы Қарағаш ауылының маңайы) кедей шаруа отбасында туған. 1910-1915 жылдары туған ауылында молдадан білім алған. Ал, 1916-1924 жылдары Жамантұз болысында Иванов, Чунаев деген бай-кулактарда жалшы болып істеген. Жалшылықтан құтылғаннан кейін Ақмола губерниялық әкімшілік бөліміне милиционер болып орналасады. Міне осы 1924 жылдан бастап Самархан атамыз өмірінің 16 жылын тәртіп сақтау саласына арнайды. Бір жылдай Бейнетқор болысында аға милиционер, содан кейін Қызыләскер, Төңкеріс болыстарының милициясының бастығы болады. Төңкеріс аудандық милициясын басқарған жылдары Самархан атаның Сәбит Мұқановтың Мәриям апайға үйленуіне де септігі тиген екен. Ол жөнінде атақты жазушы өзінің «Есею жылдары» атты кітабында былай деп жазады:

... Ойым осылай толқыған мен:

-Нар тәуекел! – дедім Баязитке. – Жібереік милиционерді! Қасына сенімді адам қосайық.

-Кімді?

-Имақ Тоқпановты.

-Білем. Бірінші ауыл советтің председателі. Қолайлы адам. Аудандық милиция начальнигі – Самархан Жұмадиев дейтін, кіші милиционер Қасым Сәдуақасов дейтін жігіттер болатын. Екеуі де көңілді, ойнарқы адамдар.

Болыстық атком жұмсаған Самархан, Қасым, Имақ – үшеуі кешке аттанып, ертеңіне ертемен қызды алды да келді. (179-180 беттер).

1928 жылдың мамырынан 1931 жылдың желтоқсанына дейін Төңкеріс ауданы кредиттік серіктестігінің төрағасы қызметін атқарды. Одан кейін екі жыл осы ауданның милиция бөлімінің уәкілі болған.

Өзбекістанның Қоқанд қаласындағы милиция басшыларын дайындайтын арнаулы мектепті бітіргеннен кейін Октябрь аудандық милиция бөлімінің бастығы болып екі жыл істейді. 1936 жылдың ақпанынан 1939 жылдың қаңтарына дейін Қарағанды облысының Есіл аудандық милиция бөлімінің бастығы болды. Бұдан кейін Баян орта мектебінде мұғалім, Преснов аудандық коммуналдық шаруашылықтың меңгерушісі қызметтерін атқарған. Ұлы Отан соғысы басталғанда майданға аттанып, елге тек 1945 жылдың қыркүйегінде оралды. Соғыстан кейінгі кезде Преснов аудандық мемлекеттік қамтамасыз ету бөлімінің бастығы, Баян селолық Кеңесінде, Октябрь орман шаруашылығы мекемесінде әр түрлі қызметтер

атқарып, 1955 жылы денсаулығына байланысты зейнеткерлік демалысқа шыққан.

Зейнеткерлікке шыққан соң айтысқа қатысып, талай тарлан ақындармен сөз жарыстырған Самархан атамның шығармашылығы да жан-жақты. Ол кісі өте турашыл, бетке айтып салатын жан еді. Оның бойында біреуге жағыну, жалпаю, кішірею деген сияқты қасиеттер мүлдем болмайтын. Ел аузындағы аңыздарды, шежірені, халықтың мақал-мәтелдерін молынан білетін. Елдің, ағайынның бірлігін айтып отыратын.

Бұдан 50 жыл бұрын Баян және Киров атындағы колхоз ақындарының айтысы болды. Айтысқа «Баян» колхозынан Самархан атам, Киров атындағы колхоздан Сұлтан Қанафин түсті. Айтыс екі колхоздың экономикасы мен мәдениетін нығайтуға бағытталған сын дәрежесінде аса қызықты болып өтті.

Екі ақынның сөзінде көңілге қонымды, құлаққа ұғымды ұзақ ойда қаларлық, біздің халқымыздың табыстары туралы және сынға арналған сөздер көп-ақ. Екеуі де өздерінің ақындық өнерін ұжымдардағы жетістіктер мен кемшіліктерді ашып көрсетуге арнаған. Олардың айтысымен таныса отырып, ой дәлдігін, сөз шеберлігін айқын аңғарамыз.

Самархан ақын айтыс үстінде Баян ұжымшары еңбекшілерінің шаруашылық және мәдениет саласындағы тамаша табыстарын, өмірімізде, адамдар арасында кездесетін көптеген кемшіліктерді жұртшылық алдында, поэзиялық өнер таласы үстінде көрсетіп берді.

Бүгінгі және келер ұрпақ еліміздің өткен тарихын тереңірек білсін деген мақсатпен осы айтысты бұл кітапта жариялап отырмыз.

Осы жылдары облысымызда ауданаралық ақындар айтысы өткізіле бастады. Сондай айтыстардың бірі Преснов және Октябрь аудандарының ділмар шешендерінің арасында да болған еді. Олардың көркем сөзінен екі ауданда істеліп жатқан тамаша істерді көреміз. Озат сауыншы, үздік диханшы, таяғы құт шопан, жылқышы есімдерін естиміз. Мәдениетті, ауқатты ауыл-село өмірінің көркем суреті алдымыздан елес беріп өтеді.

Шымшыма тілді, әр сөзі юморға толы Самархан ақын Преснов ауданының еңбеккер ұл-қыздарын мақтай отырып, Октябрь ауданының кейбір адамдарының көңіл толмас, жүрдім-бардым істерін қатаң сынға алады. Ол әсіресе, жүгері егу, тың көтеру мәселелеріне ерекше маңыз бере отырып, Октябрь ауданының шаруашылықтың осы саласындағы кейбір кемшіліктерін сынап өтеді.

Ақын атамыз сонымен қатар Отанымыздың әрбір кезеңдегі өмір шындығын шамасы келгенше осы айтыста көрсетуге тырысқан. Ол елімізде болып жатқан тамаша жетістіктерді, еңбекшілердің өміріндегі айта қаларлықтай жаңалықтарды, ел ерлерінің, ғалымдардың табыстарын жырлайды, олардың игілікті істеріне үн қосады.

1962 жылы облыс ақындарының Қазақстанның 40 жылдық мерекесі құрметіне арналған айтысы болған

еді. Самархан атамыз осы үлкен дүбірде Преснов ауданының табыстарын көрсетіп, аудан намысын қорғау үшін айтысқа түсті. Ол аудан еңбекшілерінің табыстарын, салтанатты тұрмыстарын халық алдында паш етті. Және қарсылас ауданның кейбір кемшіліктерін мықтап сынады. Мәселен, өткен қыстағы кейбір колхоздарда мал азығының жетіспеуі, мал қораларының қысқа ұқыпсыз дайындалғандығы, соның салдарынан оларда мал басының едәуір кемігендігі ақын сынына ұшырады. Сонымен бірге көктем егісі кезінде кейбір жерлерде техниканың сапасыз пайдаланғандығы, астық тұқымының шығынға ұшырауы қарсылас ақынды топ алдында қызартты. Кейбір колхоз, совхоз басшыларының, малшылар мен егіншілердің ішкілік салдарынан өзінің қоғамдық міндетін атқаруға немкетті қарауы олардың қатты ұялуына себеп болды.

Ақын осындай кемшіліктерді алдағы уақытта болдырмауымыз керек, біз әрқайсымыз өз орнымызда тамаша еңбек табысына жетіп, саналылығымызды өміріміздің талаптарына сай көтере беруіміз керек дейді.

Самархан ақын келешекте өзі айтысатын ауданға сапарға шығып, ондағы шаруа жайымен танысып, нақты өмір фактілерін айтыс объектісіне айналдыруды дәстүрге енгізді. Еркін ойлайтын, батыл айтатын, бетінен ешкім қақпаған кең тынысты ақын еді. Ол қоғамдық, әлеуметтік саладағы көлеңкелі тұстарды деп басып, дәл танып, жетер жеріне жеткізіп айтуға

тырысты. Жеткізіп айтты да. Самархан ел өмірі-не қатысты кемшіліктерді айта қалса, жұрт қолдап отырды. Бұл оның ел алдындағы беделін көтерді. Бір сөзбен айтқанда, айтысып отырған ақынға мін тақпай, ел ішіндегі келеңсіз құбылыстарды да дәл басып, тайға таңба басқандай қылып, маңдайға ұрып отырып айта білу Самарханға тән қасиет.

Ақынның осы кітапта жарияланған айтыстарын оқып отырғанда оның егіншілермен малшылар арасында көп болғандығын, сол еңбек адамдарының ісін, сезімін терең білетіндігін айқын көреміз. Айтыстарында колхоздар мен совхоздардың егіс даласындағы, мал фермаларындағы еңбек адамдарының ісін, сезімін жырлайды.

Самархан атамыз қолына қалам ұстап, өлең шығара бастағаннан бері туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілікті негізгі тақырып етеді. Елімізде болып жатқан ұлан асыр өзгерістерге үн қосып, халқымызбен бірге болды. Облыс, аудан көлемінде ұйымдастырылған түрлі мәдени шараларға қатысып, азаматтық танытатын. Алқалы жиындардың шырайын арттырып отыратын.

Иә, Самархан жүрегін кернеген сезімдерін жырмен өрнектеп, ақын атанды. Ол өзін толқытқан, тебіrentкен жәйттерді өзінің бар көңіл-күйімен сезім серпілісін өлең жолдарымен бейнелеп айтып берді. Сондықтан да оның жырлары жүрекке жақын, ойлы, мағыналы, сырлы болып келеді. Жалпы Самархан өлеңдері өзінің өмірге қоян-қолтық жақындығымен өзгеше бағалы.

Қазақта «Тау алыстаған сайын асқақтай түседі» деген сөз бар. Табиғаттың заңы арамыздан Самархан атамызды алып кеткелі де 39 жыл болған екен. Міне содан бері оның азаматтық кескін-келбеті, бітім-болмысы айқындала түсіп, өмірде жасаған тірлігі, артына қалдырған ізі кейінгі ұрпаққа аманат болып қалып, оның дәстүрлі өнерін жалғастырушылар көптен саналып жатыр. Артында ізі қалды деген бәлкім осы да шығар. Бұл жақсылық, әрине. Оның тастап кеткен өнері өзіне соғылған ескірткіштей уақыт өткен сайын жарқырай, асқақтай түсуде.

Өзіне өте үлкен талаппен қарап, алға қойған мақсатына жету жолында аянбай еңбек ету қажет екенін жақсы ұғынғандықтан да болар, жұбайы Бөпей екеуі дүниеге әкелген 7 баласының тәрбиесіне де мұқият қарайтын. Осындай әке-шешенің мейірім шапағатынан, тәрбиесінен алған үлгі-өнегені балалары өмірлеріне азық етіп келеді.

Самекеңнің өмірінің, қалдырған ізінің қаншалықты мағыналы екендігін бұл күндері ұғынып жатырмыз. Осығай орай Қазыбек бидің:

Уа, сұңқарымыз тұғырдан ұшты,

Салмағы келіп сізге түсті.

Бәрінен тағдырдың жазмышы күшті,

Сұңқар ұшып, тұғыр қалды.

Ақыры соңында ұл-қызы қалды,

Өткеннің берекелі ісі мен игі ізі қалды, - деп айтқан сөзі еске түседі.

Иә, Самарханның артында ұлдары мен қыздары,

өнегесі, мағыналы өмірі, игі істері қалды. Артында өсіп-өнген ұрпақтары бар. Бұл күндері олар жарасымды өмір сүріп, алды зейнеткерлікке шығып, кейінгілері еңбек етуде, білім шыңына шығуда.

«Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы,

Өлмейтұғын артында сөз қалдырған?!» – деген Абайдың дана сөзін Самархан атамызға қаратып айтса жарасады. Өйткені оны жерлестері ардақтап, ел ағасы ретінде, айтыс ақыны ретінде жүректерінде сақтайды. Ол аталы сөз айтты, артына өнегелі сөз қалдырды.

Осы кітап беттерінде облыстың көрнекті ақыны Самархан туралы, оның өнері туралы сағынышқа толы ой-пікірлер, естеліктер айтылды. Ал айтылмаған, алайда айтылатын әңгіме-сыр қаншама әлі?!

Ақын атамыздың артында айтыстары, өлеңдері қалды. Соларды келер ұрпаққа жеткізсек, соларды бүгінгі жастар білсе деген ниет осы кітаптың беттерінен табылып жатса, алдымызға қойған мақсатымыздың орындалғаны.

Таңат Сүгірбаев.

АЙТЫСТАРЫ МЕН ӨЛЕҢДЕРІ

“БАЯН” ЖӘНЕ КИРОВ КОЛХОЗДАРЫ АҚЫНДАРЫНЫҢ АЙТЫСЫ

1958 жылы “Баян” және Киров атындағы колхоз ақындарының айтысы болып өтті. Айтысқа “Баян” колхозынан Самархан Жұмадиев, Киров атындағы колхоздан Сұлтан Қанафин түсті. Айтыс екі колхоздың экономикасы мен мәдениетін нығайтуға бағытталған сын дәрежесінде аса қызықты болып өтті. Бүгінгі және келер ұрпақ аулымыздың өткен тарихын тереңірек білсін деген мақсатпен осы айтысты төменде оқырманға ұсынып отырмыз.

Самархан:

Ал енді шырқашы бір шаттық жырым,
Аузымнан ақтарылсын абзал сырым.
Алдына сәлем беріп бас иемін,
Бас қосқан әр тараптан тойшыл жиын.
Өлеңмен мерекеңе шашу шашам,
Қабыл ал қарт жүректен тартқан сыйым.
Тасқындап келіп қалған өлең шіркін,
Серпілтті қозғау салып көңіл күйін.
Мен кеше ескі өмірді көзбен көрдім,
Былайша екі заман куәсімін.
Бастаған табыстардан табыстарға
Арнаймын партияға сөз асылын.
Айтысу ұлы жиын мерекеде,
Жол қалған ақындардан бұдан бұрын.

Ескі ақын зар илесе байды мақтап,
Біз міне бастамақпыз жаңа түрін.
Көркейген дәулеті мол колхоз “Баян”
Ежелден атақты ол сіздерге аян.
Табысын жаңа жылдың таныстырып,
Мен дағы өлеңменен жұртқа жаям.
Пәрменді қарқынменен өрге тартып,
Атағы елімізге болған аян.
Мадақтап табыстарды жырға қосып,
Даңқыңды асырайын келсе шамам.
Байлық пен мәдениет егіз өсіп,
Дамыған колхозыма мақтана алам.
Сұлтаным ілеспейсің шаңыма да,
Әлі көп теңесуге бізге саған.
Қырық жылды қарсы алдық табыспенен,
Өрлеп өсіп барамыз шабыспенен,
Партияның міндеті алға қойған,
Әдетте озып шығу жарыспенен.
Батыр бар Алиакпар Еңбек Ері,
Озат үздік еңбектің кемеңгері,
Пар мен зябьтың жоспарын орындадық,
Бізде дайын егістің көктем жері.
Тазарып тұқым тегіс болды дайын,
Бітік өнім аламыз жыл-жыл сайын.
Маман бар Ғарып, Данил, Оразбайдай,
Ертеден білетұғын жұмыс жайын.
Бізде жақсы қолдағы малдың күйі.
Салынған мал басына көркем үйі,
Дұрыстап қоғам малын бақылауға

Арналған әр адамның еңбек сыйы.
Озат бар Фрида, Мина сиыр сауған,
Сиыр сүті бұлақтай аққан таудан.
Алдыңғы қатардағы сауыншы деп,
Бұларды бағалайды біздің аудан.
Малшы бар Еслям, Шөкеш, Есембайдай,
Үздіксіз мал бағады қысы-жаздай,
Жылқышы Әбділдәға толды отыз жыл,
Айтшы сен бар ма озатың міне осындай?
Жетеміз қашандағы қойған сертке,
Ақылдасып істейміз қалың көпке.
Семіртіп жақсы семіз күйіменен
Қой мен сиыр малдарын бердім етке.
Бордақы етке шошқа дайындаймыз,
Әр істі алдын ойлап байымдаймыз.
Міндеттен партиямыз алға қойған,
Болса да қиын жұмыс тайынбаймыз.
Қазылды екі құдық жетпіс мыңға,
Колхозшы жарып қалды ауыз суға.
Қазылған құдықтарың қатып қалды,
Қалайша ұялмайсың осы сынға?
Жыл сайын молаяды малдың басы,
Қаланған қосылумен ірге тасы,
Міндетті артығымен орындауға
Колхоздың еңбек істер кәрі-жасы.
Біз бардық колхозыңмен танысуға,
Үлгісін озаттардың алысуға.
Колхозыңның жетістігін сал ортаға,
Біз дайын көп жыл бойы жарысуға.

Көруге өте нашар қойдың базы,
Белшеден тазармаған оның сазы.
Бастықтар баз салуды ойламаған,
Белгісіз өтіп кеткен күннің жазы.
Баз емес мұның өзі ескі қора,
Шіруден қисайып тұр көп жыл тұра,
Жиырма жыл балшық ірге қаланғанға,
Нанбасаң Қали қарттан барып сұра.
Орын жоқ жас төлдерге салған арнап,
Қойлар жүр су іше алмай күртік қарлап,
Малшыларға қоныс жоқ мал басында,
Қайтады кешке жақын өгіз парлап.

Сұлтан:

Ақынның қалай жыры төгілмесін,
Өрнектер жөні келді сөз үйлесін!
Менімен айтысуға ниет етсең,
Айтып бер шаруаңның бар жүйесін.
Ақынды ұнатушы ем шындықты айтқан.
Жұртшылық сынап отыр екі жақтан.
Көзге түсер жетістік қандай еді.
Құлағыма кірмейді ұсақ мақтан.
Тақылдар айтыс десе біздің таңдай,
Шертейін домбырамды саусақ талмай.
Көзі бар жан көреді жетістікті.
Колхозым кеше қандай, бүгін қандай.
Өр үйде Ильич шамы жарқыраған,
Радио өмір сәні саңқылдаған.

Техника істейді бар шаруамды.
Еселеп өнім беріп қарқындаған.
Ертеден іргелі елсің колхоз «Баян»,
Байлығың сол кезден-ақ жұртқа аян,
Өзін теңдес колхоздан қалып қойдың,
Қарқының өте баяу, өгіз аяң.
Ақыным дәріптеме «Баяныңды»,
Қайталап айта берме баяғыңды.
Аз жылда қуып жетіп басып оздым,
Жеткің келсе, пысық бас аяғыңды.
Өлеңің болып кетті қу сылдыр сөз,
Әділ сынды айтайын оған да төз.
Үш жылдай артта қалдың сүт сауудан,
Себебін көпшілікке түсіндір тез!
Алдыңдар жетпіс мыңға бұзау қора,
Ағашы екі жылда болды дода.
Ақыры кеңсе қылып көтердіңдер,
Байыпсыз бастықтардың ісі бұ да.
Құрылыс ісі сөз болмаған кеңесінде,
Ақыным төзе алмайсың егесіме,
Бір кеңсеге жетпіс мың табыс кетсе,
Еңбеккүнге жанқасын бөлесің бе?
Кемшілік бұл салада жатыр толып,
Кетіпті басшыларың салақ болып,
Сығылысып отырсыңдар сондықтан да
Советтің кеңсесіне қоңсы қонып.
Мақтанып құр бекерге сөз қозғайсың,
Орныңнан жөнді ілгері қозғалмайсың,
Бізбенен жарысқалы он жыл болды,

Тым болмаса бірер жыл неге озбайсың.
Алиакпар асып шыққан Еңбек Ерің,
Сүйінетін оған бар әбден жөнің.
Ер болып Қалмыковым шықпады ма
Сондықтан мақтанады менің елім.
Еңбек сүйгіш озаттар бізде де бар,
Жас түгіл жай отырмас кемпір мен шал,
Алса Ленин орденін Оразбайың,
Төсіне Хамитымның көзіңді сал!
Ағызды сүттен өзен Моор Фрида,
Өлке, облыс, ауданым түгел риза!
Жетпіске жасы жеткен Жылқыбайым
Шүйгіп жүр сиыр бағып сыйдан-сыйға.
Атасы жүгерінің Иван қартым
Тыңдамай табиғаттың ешбір шартын.
Келелі еңбегімен көрсетуде
Мичуриндік ілімнің салтанатын.
Бойымды билей бермек шабыт жігер,
Өз бойымнан шығады талай өнер,
Еңбегі бағаланып орден алды,
Маршалы машинаның ер Майснер.

Самархан:

Мастанбаймыз табысқа,
Кетсе де атақ алысқа.
Қалыспаймыз қатардан,
Бейбіт өмір жарыста.
Ауырлық жоқ істеуге,

Жұмысқа бұрын танысқа.
Еңбекке толық қатысып
Жол бермейміз қалысқа.
Еңбекке тегіс барамыз,
Өнімді көптеп аламыз.
Толықсиды егінмен,
Ұлан байтақ даламыз.
Бытыраңқы ауылдан
Орнады біздің қаламыз.
Адымдап аяқ басамыз,
Аққан судай тасамыз,
Ілгері кеткен елдерді,
Қуып жетіп асамыз.
Партия қойған міндетке,
Үлесті біз де қосамыз.
Бастаған бізді жеңіске,
Компартия жасаңыз!
Кездесіп екі колхоз тойымызда,
Сақталсын күш-жігерің бойыңызда.
Міндетті алға қойған орындаңдар.
Ашылған кемшілікті жойыңыз да.
Бұрылмай қызмет істе түзу жолдан,
Жұмыс жоқ келмейтұғын біздің қолдан.
Отанның қырық жылдық дәуірінде.
Құтылдық артта қалу ескі сордан
Мен еліңе барғанда анықтағам,
Ойланып көрген істі нарықтағам.
Кей енжар салақтардың кеселінен,
Фермада жетпіс тайша арықтаған.

Шалыға тайшаларды қойған қамап,
Іргесін бекітіпті қармен қалап.
Көтеріп мұрнын көкке қарасады,
Тұрғандай бәрі бірдей жұлдыз санап.
Шөбің мол колхозыңда, малың арық,
Көрдің бе малдың жайын өзің барып.
Кейбір малдың күйлері өте төмен,
Басқармаң да салмай жүр оған парық.
Шыдамас арық тайша зорлығыңа,
Көнбейді мал да болса қорлығыңа,
Қорапқа шөпті басып кетті Тоқаш,
Бұлардың кім жол берді ұрлығына.
Үш сиыр көтеремнен тұра алмайды,
Сылдыр сөз өлең болып құралмайды,
Аз күнде өлуге тұр жануарлар,
Бұл неге малшылардан сұралмайды?
Отанның жер серігі аспанда ұшқан,
Халықтың арманы еді көп жыл тосқан,
Табысқа табыспенен жауап беріп,
Миллиард пұт астық бермек Қазақстан.
Екі жүз жетпіс мың пұт міндетке алдық,
Үлесі біздің колхоз оған қосқан.
Іргелес колхоз едің ерте күннен
Айта бер табысыңды бізден асқан.
Жұмыста кемшілік бар, Сұлтан көрші
Шындықты бетіне айтқан болмас ерсі.
Тізбектеп бәрін бірдей айта берсем
Есімнің терлемей ме маңдай терісі!
Түсінген айтқан сыннан алар сабақ

Жоялық кемшілікті шытпай қабақ,
Бірлесіп көпшілікпен жұмыс қылса,
Колхозда орын теппес арам тамақ.
Іргелес елің жақын көрісерміз,
Үлгісін озаттардың бөлісерміз.
Бөгет болып ауыр жұмыс туа қалса,
Күш қосып екі колхоз жеңісерміз.
Бар болса сал ортаға табысыңды,
Мен дағы бере алмаймын намысымды.
Жаңадан орта мектеп салмақ болып,
Дайындап қойдым керек қамысымды.
Қасқырды асырадың құлын сойып,
Бағусыз малды жеді қасқыр тойып,
Он екі жас құлынын шаруаның
Жібердің ерте күннен басып жойып.
Еңбекке қатыспайды Аққу, Бикен
Енбексізге біздерде алғыс-сый кем.
Жиырма әйел минимум еңбек таппай отыр,
Жұмысқа бола алмай жүр олар икем.
Еңбектен қалыспайды Қажыкен қартым,
Әр сөзді айту керек ойлап артып,
Ақыным, жеңемін деп үміт қылма,
Оздырмау, таласқанда ескі салтым.

Сұлтан:

Желіні сиырымның жер тіледі,
Әр емшегі тонна сүт келтіреді.
Ауыспалы Қызыл Ту шашағымен

Бақташым адал теріп желпінеді.
Семіздігін сиырымның осыдан біл,
Аяғын екі аттаса ендігеді.
Күтімін осылайша келістірген
Сиыршы еңбеккер ұл Петр еді.
Біздің мал сіздің малға ұқсамайды,
Ойнақтап тана тайыншам секіреді.
Сендердей сары жамбас бір сиыр жоқ,
Төсегі астындағы көпіреді.
Бір айда үш сиырың өліп қалған,
Ажалға олар қалай шетінеді.
Күрк-күрк етіп көп бұзау жөтеледі,
Ала өкпеден сау ма еді көкірегі?
Бұзаутаз төлдеріңде қаптап кеткен,
Жазылып олар қашан жетіледі?
Бұл қылығы ай сайын қайталанса,
Түбінде Хайрудтинов өкінеді!
Жылқы жайын айтайын, енді сақтан,
Ала көнек бием бар тұлпар тапқан.
Ер қанаты ат деген сөз рас боп,
Зәрулік көрмеді елім мінер аттан.
Шабдарды, сұр атпенен білесің бе?
Шаппай бер сәйгүлігің бірге шапқан!
Екі бірдей аттарың артта қалып,
Тұлпардың серпінінің шаңын қапқан.
Тегінде жылқы малын жек көресің,
Жал, жая, қазы майын жеп көресің,
Жоспарға отыз жылқың жетпесе де,
Жылқы санын өзіңше көп көресің.

Жеткіздік жылқы санын нысанаға,
Айтысқан ақынға бұл зор сыбаға.
Күтімін жылқылардың әбден білген,
Колхозда Хамза дейтін Қамбар ата.
Қой базым Қосыбайдың саласында,
Жел өтпес қалың нудың арасында.
Қыс емес күз тартқанбыз жемшөптерін,
Үюлі жақын тұрар қорасына.
Жүз қойдан жүз жиырма бес қозы алмақшы
Исенов, Бекішовтай шопандарым.
Әр қойдан 3 килодан жүн бермекші,
“Баянда” бар ма ондай адамдарың?
Сендер бізге ешқашан күлмейсіңдер,
Айтар ек “қой бағуды білмейсіңдер!”
Кейбірін жылтыр қарын мәрбас қылып,
Тырбитып қойларыңды жүндейсіңдер.
Қораңда қойдың жүні жатыр қоқып,
Ақылды алар кім бар мыйға тоқып,
Қой қырқып аман-есен қозы алудан
Кетіңдер біздің елден он күн оқып.
Қойларым күн-күн сайын сүрлем жейді,
Сіңіріп ас қылады берген жемді.
Алдында кесек-кесек тұздары бар
Кешегі комиссияң өзі көрді.
Қарқынды колхоз болдық қанат жайған,
Жерім жоқ, ақын аға, серттен тайған.
Аз жылда мол табысқа жеттім міне,
Зор ферма ұйымдасты бес торайдан
Төлеп ем бес торайға бес жүз теңге,

Көп кіріс кірді одан біздің елге.
Алты жүз пұт ет бердік мемлекетке,
Ойлашы қай табыстан осы кенже?
Азық мол, тұрар орын өте жайлы,
Жоғарғы күйлері бар қарыс майлы
Өлім жоқ, бауыры бүтін, төлі түгел,
Бір мегежін он төрттен торайлайды.
Бұл өзі екі жылдық табысымыз,
Үндеуге сай келеді бар ісіміз.
АҚШ-ты ет, сүт, майдан қуып жетіп,
Дейміз біз: “енді бізбен жарысыңыз!”
Әзіл ғып қазақшылық айтқандарға,
Шошқашы десе келмес намысымыз.
Отырсың шылқы майға белден батып,
Өрбітіп торайларды томпаңдатып.
Есіңе сірә бізді алдың ба екен
Шошқаңды бордақыға байлап жатып.
Шошқа өсіріп жатқанда барлық әлем,
Артта қалып “Кірпіден” алдың сәлем.
Көршіңді бүйтіп күлкі қылмайын деп,
Шошқа бердім, тағы да ал, болса дәмең.
Құстарыңа туыпты қатер хауіп,
Аз күнде опат болды жетпіс тауық,
Бұл өзі бір-ақ жылғы шығын емес,
Кездесіп тұратын іс ауық-ауық.
Құсыңды міне осылай қырып салып,
Завфермаң бетімен жүр құрып сауық.
Қашаннан ымырашылдық әдетің бар,
Стагын етегіңмен қойдың жауып.

Қамың жоқ жаздың жақын қалғанына,
Тұқымың ақталды ма албарыңда.
Төбесі албарыңның құлап түскен,
Қарамай жүргеніңде жан-жағыңа.
Жазғы егістің тұқымын тап-таза ғып,
Енгізіп алдым түгел албарыма.
Жыртылған жүз процент зябті айтсам,
Ентігіп ере алмайсың шаңдағыма.

Самархан:

Еңбекке қатысады барлық жастар,
Кәрілер Қожахметтей жасты қостар.
Шебер бар Бекмағамбет, Төкен қарттай
Еңбекке көпшілікті өзі бастар.
Бөкеңнің кемдігі бар аяғында,
Сүйенбей еңбек істер таяғына.
Азайды жатып ішер тоғышарлар,
Шіреніп бос жүретін баяғыда.
Мәдениеті жоғары біздің елдің,
Қасына қоныс салған Маса көлдің,
Жеті мың дана кітап бар қарауында,
Көрнекті кітапхана, өзің көрдің!
Клуб, кино, бізде бар орта мектеп,
Жас ұрпақ білім алар жылда көптеп.
Салынбай мәдениет орталығы,
Колхозың әлі күнге жүр ғой шеттеп.
Аты бар кітапхана Сабыр бастық,
Есігін құлыптаулы әрең аштық.